

«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі *Жуыр* Ж.А.Курманова
« 15 » « *ақпан* » 2024 ЖЫЛ



Спорт-біздің досымыз



Дене тәрбиесі нұсқаушысы:
Арыстанғалиева Н.Ж.

Сайыстың мақсаты: «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес , «Спорт-біздің досымыз» апталығы аясында топаралық әкелерді өзара түсіністікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, балабақша тынысына араластыру.

Керекті құралдар: Шаңғы, шеңбер, кедергілер, ысқырық, арқан, доптар.

Жүргізуші: Құрметті , ата – аналар, қонақтар, бүгін бізде «Спорт-біздің досымыз» атты әкелер жарысы өтеді.

Жүргізуші: Сіздерді спорт мерекеге жинаймыз.

Бәріңізге денсаулық пен шаттық көңіл-күй сыйлаймыз.

Салауатты өмір салты – біздің ұранымыз!

Спорттық әкелерді ортаға шақырамыз!

Бірінші ортаға шығатын«Батырлар»тобы.

Екінші ортаға шығатын«Қаһарман»тобы.

Құрмет- қошеметпен қарсы аламыз.

Қош келдіңіздер! Командаларға сәттілік тілейміз!

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріндер!

Жүргізуші:

1-кезең: «**Шаңғы тебу**»

2-кезең: «**Кім шапшаң?**»

3-кезең: «**Арқан тартыс**»

Жүргізуші:

Командалар, дайынсындарма?

Ендеше сайысты бастаймыз.

Спортпен достасамыз!

Жұлдыздай жанамыз!

Алға, алға, алға!

1. «Шаңғы тебу»

Ойын шарты:

Шаңғыны сөреден бастап, мәреге дейін теуіп барады, мәреден сөреге жүгіріп қайтады.

2. «Кім шапшаң?»

Ойын шарты:

Шеңберді қолымызға ұстап, допты айналдыра жүгіру. Ойыншылар алма-кезек жасайды.

3.«Арқан тартыс»

Ойын шарты: Екі команда арқан тартысу. Қай команда тартып кетсе, сол команда жеңіске жетеді

Осымен сайысымыз аяқталды ойыншылар ! Әділ қазыларымыздың шешімі дайын болғанша барлығыңызды «Кофтаймға» шақырамын . Әділ қазы алқалары сөз сөйлейді. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік достар!

